

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "Оңалту орталығы 1" және "Оңалту орталығы 2" мемлекеттік мекемелерін тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі N 450 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «Оңалту орталығы 1» және «Оңалту орталығы 2» мемлекеттік мекемелері т а р а т ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

«Мемлекеттік мекемелер» деген 2-бөлімде:
реттік нөмірлері 101 және 102-жолдар алып тасталсын;

2) «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының л и м и т т е р і н д е :

р е т т і к н ө м і р і 11 - ж о л д а :

3-бағандағы «24192» және «17659» деген сандар «24138» және «17605» деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Оңалту орталықтары 54» деген жол алып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер Министрі

Қазақстан
К. Мәсімов

Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК